

**М**ИНЕ, ДӘЛ ОСЫ атауда біздің мұражайда Ұлыстың Ұлы күні, мерейлі өз Наурыз мерекесіне арналған көрме ашылды. Қазақ халқы үшін дәмнен, дастарханнан үлкен нәрсе жоқ. Бір дастарханда дәмдес болғандар жақындығы дегенді білдіретіндіктен өзара жамандыққа бара алмаған.

Дастархан - адамдарды дәм-тұз, ас деген киелі ұғымымен біріктіреді.

Дастархан адамдардың танысу және бас қосу орны болып саналған: ру ақсақалдарының даналы сөздерін тыңдап, ән айтқан және домбырада ойнап, ән - жырдан (айтыс) жарысын өткізген. Осылайша дастархан өте таныс емес адамдарды жақындастырған және бұрын режісіп қалған адамдарды татуластыруға ықпал еткен.

Кіре беріске қарама - қарсы орын «төр» - деп аталады. Төрге ең сыйлы қонақ немесе жасы үлкен адам отырады. Құрметті қонақтан кейінгі оң жақта елеуметтік жағдайы мен жасына қарай басқа қонақтар отырғызылады, ал сол жағында үй иесі отырған. Ежелгі дәстүр бойынша ас ішер алдында және ас

ішіліп болғаннан кейін қонақтардың қолдарына су құйылады. Бұл істі үйдегі бозбала атқарады. Әр қонақтың қасына леген мен құманын алып, қолдарына су құйып, бата мен алғыс алған. Атап өту

түрлері жөнінде келушілерді таныстыру, жас ұрпаққа мұражай сабақтарын өткізу арқылы бойларына қазақ халқының мәдени құндылықтарын сіңіру көрменің негізгі мақсаты болып саналады.

тоқталып, көктем мерекесімен құттықтаса, қаламыздың құрметті азаматтары Айдосов О. Х. мен Шаврин Ю. Ф. қазақ халқының ықылым заманан бері кең пейілді, қонақжайлылығының

Ахметқызы. Қазіргі жастардың ұлттық болмысымызды танып білулеріне, салт-дәстүрлерімізді сақтап, қадірлей білуге тәрбиелеуде үлкен жұмыс атқарып жүрген жан. Отбасында отағасы Балдіков Нұрлан Батырханұлымен бірге екі қыз тәрбиелеп өсірген. Ғалия Ахметқызы білгенін үйретуден жалықпайды. Әсіресе, қазақ халқының ұлттық тағамдары мен салт-дәстүрлеріне келгенде, қашанда көмек беруге дайын тұрады. Соның бір дәлелі, біздің көрменің ашылуында ұлттық тағамның жасалуын көрсетіп қана қоймай, қалай жасалтыны туралы айтып берді. Ғалия Ахметқызына дендеріңіз сау, бай-қуатты, бақытты өмір, еңбегіңіз жана берсін, деп тілейміз.

Шара соңында дәстүр бойынша келушілер ыстық шәй, бауырсақ, тәттілерден дәм татты. Көрме наурыз және сәуір айлары жұмыс істейтін болады, тұрғындарды қазақтың ұлттық мәдениеті әлеміне шақырамыз.

**Айман ҚАДЫРХАНОВА,**  
Лисаков Жоғарғы Тобыл тарихи мен мәдениеті мұражайының ғылыми қызметкері.

## ● Наурыз мейрамы қарсаңында

# «Dastarhanyń mol bolsyn...»

керек, қолға су құю міндеті жасөспірімдер үшін ең жауапты іс болған, себебі ақсақалдардың өзінен бата алу үлкен құрмет.

Қазақтардың әдет - ғұрыптары мен салт-дәстүрлері үй ішіндегі отбасылық және адамдардың өзге де топтары арасындағы өзара қарым - қатынастарды қалыптастыруда септігін тигізгенін атап өтуге болады. Осынау қазақ халқының қанына сіңген қонақжайлылығы және соған байланысты салт-дәстүрлері мен ерекшеліктері, дастархан басындағы әдеби туралы, сондай-ақ қазақ халқының ұлттық тағам

Көрме экспозициясында қазақ халқының қонақжайлылығы және ұлттық тағамдары туралы, сонымен қатар екі тілде жазылған мақал - мәтелдермен де танысуға болады. Бұл көрмеден «Қостанай таңы», «Костанайские новости», «Костанай - АГРО», «Қамысты жаңалықтары» Қамысты аудандық газетінің фототілшілері: Ермұрат Бекмұхамедов, Бағдат Ахмедбеков, Сергей Миронов, Владимир Моторико, Николай Савченко, Николай Соловьев, Игорь Вальтер жасаған көптеген фоторепортаж түсіріліміндегі суреттерін көруге болады. Фотошеберлердің қызықты ербір жұмыстары Қостанай облыстық сурет галереясынан алынған. Қазақ халқының қонақжайлылығы, бата беру, ұлттық сусын қымызды ішіп тұрған бала бейнесі, ауыл тірлігі, Наурыз мерекесінің тойлануы, қазақтың ұлттық ойындарынан бастап, қолөнер шеберлерінің кілем тоқу сәттері керемет түсірілген фотоларды отбасымен бірге мұражайға келіп көрулеріңізге болады.

Қостанай облыстық тарихи - өлкетану мұражайы қорынан Қ Қазбековтың «Жайлауда» картинасы және қазақ халқының ұлттық нақышында жасалған ағаш ыдыстары осы көрме залына қойылған.

Көрмені ашқан Лисаков қалалық маслихатының хатшысы Шалдыбаева С. Қ мен «Нұр Отан» партиясының Лисаков филиалы төрағасының орынбасары Неявко И. В. жиналғандарға көрменің маңыздылығы мен ерекшелігіне

арқасында көптеген ұлыс өкілдері төту - тәтті өмір сүріп жатқанын, тыныштық, бірлік біздің қымбат қазынамыз екенін айтып, Наурыз мерекесін амандықта, саулықта қарсы алуды тіледі.

«Жас шебер» клубының мүшелері және №3 орта мектебінің оқушылары сахналық көрініс қойып, әндерімен шараның сәнін келтірді. Қазақтың ұлттық тағамы - женттің жасалуы бойынша шебер - сағаты өтті.

Женттің жасалуын көрсеткен мұражай достарының бірі - Лисаков техникалық колледжінің орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Жұматаева Ғалия



## Наурызды қалай тойлаған

Қазақ елі Наурызды қалай қарсы алған? Қызыр түні Жаңа жыл табалдырық аттап, үйге енгенде, «жалғыз шала сөуле болмас» деп төрге қос шырақ жағылып келгені. Жаңа жыл табалдырық

адамдарға, қадірменді ақсақалдарға сыбаға сақталады.

Наурыз күні таңертең ертемен ерлер қолдарына күрек кетпен, ал қыз

Жарылқа!» деп отқа май құйғызады. Осы ізгі ниетті ақ тілеудегі «От-Ана» - қазақтардың мифологиялық кейіпкері Үт биқыш те, ал «Май Ақсақалы» -

